

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Ш.Құдайбердіұлы. «Жастарға» өлеңі.**

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.05.2018

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/36141/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Сабақтың тақырыбы:** Ш.Құдайбердіұлы. «Жастарға» өлеңі.

**Сабақтың мақсаты:** Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» атты өлеңін оқу, сатылай кешенді талдау; сауаттылыққа, адамгершілікке баулу.

**Сабақтың көрнекілігі:** интербелсенді тақта, ребус, сызбалар.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, музыка.

**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Сәйкестендіру тест.

|   |   |   |               |
|---|---|---|---------------|
| 1 | Шәкәрімнің өмір сүрген уақыты           | 1 | 1905-1906ж.   |
| 2 | Меккеге сапары қажы болу ма?            | 2 | 1961 ж        |
| 3 | Баласы Ақат құдықтан қай жылы шығарды   | 3 | 1917ж         |
| 4 | Меккеге қай жылдары барды?              | 4 | Ақын, философ |
| 5 | Ақтау туралы шешім қай жылы қабылданды? | 5 | 1858-1931     |
| 6 | Ел ішіне қай жылы оралды?               | 6 | Әнші, саятшы  |
| 7 | Шәкәрім кім?                            | 7 | Ілім іздеу    |
| 8 | Оның тағы қандай өнерлері болды?        | 8 | Қажы болу     |

**АКТ** арқылы тексеру. **Кілт:** 1-5, 2-7, 3-2, 4-1, 5- 3, 6-3, 7-4, 8- 6

**III. Жаңа сабақты түсіндіру:**

**-Ребус арқылы сабақтың тақырыбына шығу.** Ребусты шешу. **Жастарға** сөзі шығады

Сабақтың мақсатын қою.

**ІҮ. Мәтінмен жұмыс.** «Жастарға» өлеңін мәнерлеп оқу.

**Ү. «Жастарға»** атты өлеңге *сатылай кешенді талдау* жасау. *Жұптық жұмыс*

1. Авторы: Ш. Құдайбердіұлы
  2. Тақырыбы: ағартушылық туралы
  3. Жанр түрі: өлең (поэзия)
  4. Идеясы: Абай көрсеткен адам болу, азамат болу. Жастарды адалдықты сүйеге, арамдық, қулықтан қашуға, үлкеннің ақылын тыңдауға шақырды.
  5. 19 шумақ
  6. 76 тармақ
  7. 3 бунақ
  8. 11 — 12 буын
2. Ұйқас түрі: қара өлең ұйқасы **ааава**
    10. Теңеу — затты басқамен салыстырып айту.  
**Күнде күйлей бермелік** ( уақытты босқа өткізбеу)  
Эпитет — құбылысты, затты бейнелеп айту үшін қолданылатын сөздер.

**(арам айла, өшпес өмір)**

11. Сөздік: дұспан-дұшпан, ғадалат-қадағалап, шатылу- шатасу, пәлеге ұшырау, күсіп -безу
12. Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні: зұлымдықтан, жамандықтан, әділетсіздік пен қиянат жасаудан аулақ болуға шақырады, халықтың мүддесін қорғай білуі болашақ ұрпағына деген көрсетер үлкен тәрбие екенін аңғарамыз.

**ҮІ. Бекіту.** «3 минуттық эссе» әдісі арқылы «**Бұл өлеңдегі көтерілген мәселелер қазір өзекті ме?**»

**ҮІІІ: Үйге тапсырма:** «Жастарға» өлеңнің үзіндісін жаттау.

**ІХ. Білімді бағалау.**

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.